

**С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ
АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ**



**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА**

СӨЖ

Кафедра: Құқық негіздері

Тақырыбы: Әкімшілік құқық және әкімшілік жазаның міндеттері

Орындаған: Мырзахан Қ.М.

Факултет: МПД

Курс: 1

Топ: 002-01

Тексерген: Сарыбаева Н.А.

Алматы 2016

Жоспар:

1. Әкімшілік құқық :

- Мәні
- Пәні
- Әдістері
- Дерек көзі
- Нормалары

2. Әкімшілік құқық бұзушылық және әкімшілік жауапкершілік

3. Пайдаланылған әдебиеттер

Әкімшілік құқық

- Әкімшілік құқық -ол мемлекеттік басқарудағы қоғамдық қатынастарды реттейтін және әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін жауаптылықты белгілейтін Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығының саласы.



● Әкімшілік құқықтық нормалардын көмегімен реттелетін, қоғамдық қатынастардың жүйесі Әкімшілік құқықтың *пәні* болып табылады. Ол 5 құрам бөлікке бөлінеді:


- 5) Қоғамдық қатынастар
 - 1) Әрекеттің сыртқы көрінісі
 - 2) Ішкі ұйымдастырушылық қатынастар
 - 4) Судьялар мен соттардың іс-әрекеттерін бақылау
 - 3) Жалпы мемлекеттік бақылау қызметі

Әкімшілік құқық үшін тән құқықтық реттеу әдістері:

- 1) **Билік әдісі** – бағындыру, немесе тура бұйыру әдісі (қатынастар әкімшілік құқықтың шегінде біреуінің екіншісіне бағынуына тұрғызылады);
- 2) **Ұсыну әдісі** (басқару субъектісінің ұсыныстары егерде оны басқару екінші қатысушысы қабылдаған жағдайда заңды күшке ие болады)
- 3) **Келісу әдісі** (өзара бағыныштылықта болмайтын қатысушылар арасында)
- 4) **Теңдестіру әдісі** (мемлекеттік механизмдер бір деңгейінде тұратын субъектілер әкімшілік келісімшарт түрінде бірлескен әрекеттерді қабылдайды)

Әкімшілік құқықтықтың дерек көздері дегніміз мемлекеттік билік ресми мойындаған, басқару қатынастары субъектілерінің мінез-құлықтары ережесінің көріну мен бекітілуі.

- Қазақстан Республикасы Конституциясы;
- Халықаралық, мемлекеттік шарттар;
- Қазақстан Республикасы Конституциялық заңдары;
- Қазақстан Республикасы заңдары;
- Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламентінің;
- Үкіметінің, жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару органдарының актілері;
- Әкімшілік соттық прецеденттер;
- Әкімшілік шарт;
- Ғылыми құқықтық доктрина




Әкімшілік- құқықтық норма түрлері

Материалдық норма


Азаматтардың, атқарушы өкімет органдарының және басқалардың әкімшілік құқықтық жағдайын бекітеді (құқық субъектілерінің құқықтары мен міндеттері, мемлекет органдарының мәртебесі)

Іс жүргізушілік нормасы

Әкімшілік құқық субъектілерінің құқықтық міндеттемелерді іске асыру тәртібін, сондай ақ үкіметтің атқарушы органдарының нормативтік актілерді шығару рәсімін белгілейді



Әкімшілік- құқықтық норма түрлері



Әкімшілік- құқықтық норма түрлері


Реттелетін норма

Субъектіге белгілі бір құқықтар береді немесе міндеттер жүктейді



Қорғалатын норма

Құқық бұзулардың құқықтық салдарынан, яғни әкімшілік теріс қылықтардың құрамын және соларды жасағаны үшін жаза беру шараларын белгілейді



Әкімшілік құқық бұзушылық

Әкімшілік құқық бұзушылық - жеке және заңды тұлғаның заңға қайшы іс-әрекеттері үшін әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы тағайындалған әкімшілік жауапкершіліктер

Әкімшілік құқық бұзушылық - ұсақ ұрлық, ұсақ тәртіп бұзушылық, жолда жүру ережесін бұзу, қоғамдық орындарда психологиялық белсендіргіш заттарды пайдалану ...

Әкімшілік жаза:

- **Әкімшілік ақы төлеу;**
- **Әкімшілік қамау.**

Әкімшілік құқық бұзушылықтың негізгі белгілері:

- 1) қоғамдық қауіптілік — бұл іс — әрекеттің қоғамның, мемлекеттің, азаматтардың мүдделеріне зиян келтіруі, мысалы, ұсақ бұзақылық, мас күйінде көлік құралдарын басқару т.б.



- 2) **құқыққа қайшылық** – құқық нормасын бұзатын іс-әрекеттерді жасауы



- 3) **кінәлілік** – бұл ерікті, саналы іс — әрекет. Кінә тұлғаның істеген ісіне және оның салдарына психикалық қатысын білдіреді. Іс-әрекетті құқық бұзушылық деп деп тану үшін оның ерік-жігерлік және саналы көрініс екендігін анықтау қажет, яғни саналы ойлайтын адамның психикалық қызметінің нәтижесі екендігін анықталу



- 4) **жазаланушылық** – бұл іс-әрекет әкімшілік құқық бұзушылық деп танылады, егерде оны істегені үшін заңнамада әкімшілік жауаптылық қарастырылған болса.



- 5) **жаппай өріс алуы (массовость)** — бұл егерде қандайда болмасын іс-әрекетті істеудің таралуы, жаппай өріс алуы қоғамдық қатынастарға қауіп төндірсе, заң шығарушы осы қатынастарға қорғалатын мәртебе беруге мәжбүр, заңнамалық түрде мінез-құлық ережесін бекітуге және оны бұзғаны үшін жауапкершілік белгілеуге мәжбүр болады.



Пайдаланылған әдебиеттер

- Құқық негіздері Қ.И.Оспанов Алматы “ЖЕТІ ЖАРҒЫ” 2007
- <http://kk.wikipedia.org/wiki>
- <http://kazreferat.org/>
- <http://adilet.zan.kz>